Батырбай Нұрбол Мұхтарұлының «6D030100 –Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған «Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері» тақырыбындағы жазылған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Диссертациялық зерттеуде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтың түрі ретіндегі әлеуметтік, криминологиялық және қылмыстық-құқықтық аспектілерімен байланысты теориялық және қолданбалық сипаттағы өзекті мәселелері қарастырылады.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында, құқық қорғау органдары мен олардың қызметкерлері қызметінің тиімділігінің өзгермейтін түйінді өлшемшарты халықтың сенім дәрежесі болып табылады. Көрсетілген өлшемшартты тұрақты, үздіксіз арттыру үшін олардың қызметін оның салдарымен күресуден және ведомстволық көрсеткіштерге қол жеткізуден құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оның ішінде халықтың сенімі мен құрметіне ие қызметкерлерді мансаптық ілгерілету арқылы ауыстыра отырып, трансформациялауды жалғастыру қажет деп көрсетілген.

Диссертациялық зерттеуде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықтың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері доктринасының ғылыми зерттелу жай-күйі сипатталады. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық жасаған адамдарға қатысты қылмыстық жазаның әлеуметтік мәні жөніндегі мәселелер, қылмыстық жазаның мақсаттарын жүзеге асыру механизмі, олардың әлеуметтік, криминологиялық, құқықтық және экономикалық салдарлары, сондай-ақ олардың тиімділігінің көрсеткіштері мен өлшемдерін зерттегенін көрсетеді.

Диссертациялық зерттеуде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық жасаған адамдарға қатысты превентивтік шаралар мен қылмыстық жазаларды жүзеге асырудың тиімділігінің көрсеткіші бүкіл құқық қорғау жүйесін бағалауға негіз болатынын жан-жақты зерттеген. Құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметін, оның ішінде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық жасаған адамдарға үкім тағайындау мен орындауды мақсатты және жүйелі түрде ғылыми қамтамасыз етудің мәселе екенін көрсетіп, зерделеген.

Докторанттың пікірінше, қылмыстылықпен күресте дәл осы бағытты толық дамыту керек. Бұл шара құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық жасаған

адамдарға қатысты қылмыстық жазаның ролін күшейтіп қана қоймайды, сонымен қатар қылмыстылықпен күресте айтарлықтай нәтиже береді.

Докторанттың ғылыми жұмысының мақсаты құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықпен байланысты қатынастарды реттейтін ҚР қылмыстық заңнамасын жетілдіру жөніндегі, осы мәселенің криминологиялық аспектілерін анықтау жөніндегі, сот пен тергеу органдарының құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық (ҚР ҚК 380-1 бабы) үшін жауаптылық көздеген қылмыстық-құқықтық нормаларды тәжірибеде қолдану тиімділігін күшейту жөніндегі теориялық түйіндер мен ұсынымдардың жиынтығын қалыптастыру және негіздеу.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы оларды құқық қолдану қызметінде, құқық шығармашылық қызметті, қызметкерлердің осы қылмыстарды саралауда, оқу процесінде қолданудан тұрады.

Ғылыми жұмыстың құрылымы мен көлемі ғылыми жұмыстың сипатына, жұмысты жазу деңгейіне қарай негізделген, сондай ақ ғылыми жұыстың мақсаты мен міндеттеріне жетуді қамтамасыз етеді.

Докторанттың ғылыми жұмысы нормативтік сілтемеден, анықтамалардан, белгілеулер мен қысқартудан, кіріспеден, 7 тараушаны біріктіретін үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

Жоғарыда айтылгандарды ескере отырып, ғылыми кеңесші ретінде Батырбай Нұрбол Мұхтарұлының «6D030100 –Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған «Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері» тақырыбындағы жазылған диссертациялық жұмысы ғылыми жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және көпшілік алдында қорғауға ұсынылады.

Отандық ғылыми кеңесші:

Каспий қоғамдық университеті
«Әділет» жоғары құқық мектебінің профессоры
заң ғылымдарының докторы, профессор
ҚР ІІМ Еңбек сіңірген қызметкері Акимжанов Т.К.

«12» 06 2024 жыл.